

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы» МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген семинардың

## ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы №4 «01»наурыз 2024 ж өткізілген  
орны: Т.Орынбаев көшесі №44  
4-қабат Мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Бас дәрігердің орынбасары Реметов С.А.

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Күн тәртібі:

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мүмкіндіктерінің алдын алу»

### **ҚК-нің 366 бап. Пара алу.**

Сыбайлас – жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – ҚР Қылмыстық кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген. ҚР Қылмыстық кодексінің 336 бабына сәйкес Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*Ескерту. Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіптен қудаланады.*

### **ҚК-нің 367 бап. Пара беру.**

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не

лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сыбайлас бұзушылық және сыбайлас жемқорлық деректері орын алуына себеп болған мән-жайларды болдырмау және жою мақсатында әрбір қызметкер өздеріне белгілі құқық бұзушылық әрекеттерді мүмкіндігінше тиісті дәлелдермен хабарлау қажет.

Әрбір құқық бұзушылық жасаған тұлғалар тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. (жасаған құқық бұзушылық қоғамға қауіптілігіне байланысты)

Сөз соңында сөз алған төраға жоғарыда аталған заң нормаларына сәйкес, әрбір емхана қызметкерері сыбайлас жемқорлық фактісінің куәсі болса басшыға және компаенс қызметкерге (офицерге) хабарласу қажеттігін түсіндірді.

Хаттамаға қол қоюшылар:

Төраға

Реметов С.А.

Комплаенс қызметкер (офицер)

Сапаров Н.М.

Семинарға қатысқандар:

Қызметі

ФИО

Қолы

Қызметі	ФИО	Қолы
Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің Қорғаныс Министрінің орынбасары	Жаппаров М.И.	
Қорғаныс Министрінің орынбасары	С.А. Турсаева	
Қорғаныс Министрінің орынбасары	Ахмедов Т.К.	
Менеджер	Раирашев Р.А.	
Бас есепші	Д. Ахмедов	
Статист	Жаппаров М.И.	
Хатшы	Турсаева С.А.	
М.А. Басиев	Сарғандықов Н.М.	